## Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 147 шешімі

Кеден одағы Кеден кодексінің 230-бабының 1-тармағына, 240-бабының 2-тармағына, 253-бабының 2-тармағына, 303-бабының 1-тармағына және 311-бабының 1-тармағына, сондай-ақ Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының
2017 жылғы 14 қарашадағы
№147 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

### Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кедендік рәсімдерді қолданудың кейбір мәселелері туралы" № 375 шешімінде:

а) 1-тармақта:

3-тармақшадағы "санаттары" деген сөз "санаттарының тізбесі" деген сөздермен, " Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақшадағы "өзге кедендік рәсімге" деген сөздер "кедендік аумақта қайта өңдеу , кедендік қойма кедендік рәсімдеріне немесе арнайы кедендік рәсімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақшадағы "санаттары" деген сөз "санаттарының тізбесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) көрсетілген Шешіммен бекітілген Кедендік қойма кедендік рәсіміне орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбесінде:

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың ( 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес кедендік қойма кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейтін өзге де тауарлар.";

в) көрсетілген Шешіммен бекітілген Кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесінде:

кесте басындағы үшінші бағандағы "СЭҚ ТН" деген аббревиатура "ЕАЭО СЭҚ ТН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

2-позицияда:

екінші бағандағы мәтін "ацикликалық" деген сөздің алдынан "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес ұсынылатын қорытынды (рұқсат ету құжаты ) алынған фармацевтикалық субстанциялар ретінде пайдаланылатын метанол мен органикалық химиялық қосылыстарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бағандағы ЕАЭО СЭҚ ТН "2905" коды "2905-тен" деген сөздермен ауыстырылсын;

кестеден кейін:

" • " деген белгі "Ескертпелер" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Тауар номенклатурасы" деген сөздер "1.Тауар номенклатурасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасының (бұдан әрі – КО СЭҚ ТН)" деген сөздер "ЕАЭО СЭҚ ТН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-ескертпемен толықтырылсын:

"2. Осы тізбеге енгізілмеген өзге тауарларға қатысты бөлігінде Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес кедендік қойма кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейтін бірыңғай тауарлар тізбесін қолдану қажет.";

г) көрсетілген Шешіммен бекітілген Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгенге қарағанда Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында қайта өңдеудің неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленуі мүмкін тауарлар санаттары атауындағы "санаттары" деген сөз "санаттарының тізбесі" деген сөздермен, "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) көрсетілген Шешіммен бекітілген Қайта өңдеу өнімдерін кедендік қойма немесе уақытша әкелу (жол беру) кедендік рәсімдеріне орналастыру жағдайында кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімінің әрекетін тоқтата тұру және жаңғырту тәртібінің 2-тармағындағы "Кеден одағына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

е) көрсетілген Шешіммен бекітілген Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден одағы Комиссиясының<br>2010 жылғы 20 қыркүйектегі<br>№ 375 шешімімен<br>БЕКІТІЛГЕН<br>(Еуразиялық экономикалық<br>комиссия Алқасының<br>2017 жылғы 14 қарашадағы<br>№147 шешімі редакциясында)

**Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастыруға тыйым салынған тауарлардың**
**ТІЗБЕСІ**

| Тауардың атауы | Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды | |
|---|---|---|
| 1. | 80 көл.% немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; 80 көл.% спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті | 2207-ден, 2208-ден |
| 2. | Темекі шикізаты, темекі қалдықтары | 2401 |
| | Мыналардың: күйдірілген пиритті қоса | 2601, 2602 00 000 0, 2603 00 000 0-ден, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | алғанда, темірдің, марганец рудасы мен оның концентраттарын қоса алғанда, марганецтің (құрғақ өнімге қайта есептегенде құрамында 20 салм.% немесе одан да көп марганец бар), мыстың (құрамында қымбат бағалы металдары барын қоспағанда), алюминийдің, қорғасынның (құрамында қымбат бағалы металдары барын қоспағанда), мырыштың (құрамында қымбат бағалы металдары барын қоспағанда), қалайының (құрамында қымбат бағалы металдары барын қоспағанда), хромның, молибденнің, титанның, ниобийдің, танталдың, ванадийдің немесе цирконийдің рудалары мен концентраттары; өзге де рудалар мен концентраттар (құрамында қымбат бағалы | 2606 00 000 0, 2607 00 000-ден, 2608 00 000 0-ден, 2609 00 000 0-ден, 2610 00 000 0, 2613, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | металдары барын қоспағанда)[1] | 2614 00 000 0,<br>2615, 2617-ден | |
| 4. | Селен | 2804 90 000 0 | |
| 5. | Сілтілік немесе сілтілік-жер металдары; сирек кездесетін жер металдары, таза, қоспа және | 2805 | |
| | қорытпа түрдегі скандий мен иттрий; сынап | | |
| 6. | Жасанды корундтан ерекшеленетін алюминий оксиді | 2818 20 000 0 | |
| 7. | Өңделмеген терілер (табиғи аң терісінен басқа) және иленген былғары | | |
| | Мыналарды: 1989 жылғы 22 наурыздағы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясының (бұдан әрі – Базель конвенциясы) тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын , Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | хаттаманың ( 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне (бұдан әрі – бірыңғай тізбе) енгізілген, "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының " Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес ұсынылатын қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған құрамында полихлорланған немесе полибромдалған дифенил бар заттармен ластанған сүректен жасалған қаптау ыдыстары мен контейнерлердің қалдықтарын қоспағанда, | 4401 39 000 0-ден,<br>4401 40-ден | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Сүрек және одан жасалған бұйымдар | 4401, 4403, 4404, 4406, 4407, 4409 |
| 9. | Желімделген фанера немесе басқа да соған ұқсас қабатты сүрек үшін қаптауға арналған табақтар ( қабатты сүректі бөлуден алынғандарды қоса алғанда) және ұзынынан арамен кесумен немесе жарумен, жонумен немесе сыдырумен алынған, жонумен, тегістеумен өңделген немесе өңделмеген, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған, қалыңдығы 6 мм аспайтын қылқан жапырақты тұқымдас сүректен жасалған бүйірлік қосылыстары бар немесе жоқ өзге ағаш | 4408 10 |
| | материалдары | |
| | Желімделген фанера немесе басқа да соған ұқсас қабатты сүрек үшін қаптауға арналған табақтар ( қабатты сүректі бөлуден алынғандарды қоса алғанда) | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | және ұзынынан арамен кесумен немесе жарумен, жонумен немесе сыдырумен алынған, жонумен, тегістеумен өңделген немесе өңделмеген, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған, қалыңдығы 6 мм аспайтын бүйірлік қосылыстары бар немесе жоқ өзге ағаш материалдары, өзгелері | 4408 90 | |
| 11. | Балташылық бұйымдар, бетондауға арналған қалыптар | 4418 40 000 0 | |
| 12. | Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын, бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған құрамында полихлорланған немесе полибромдалған дифенил бар заттармен ласталған қағаздан және картоннан жасалған қаптау ыдыстары мен контейнерлердің қалдықтарын | 4707-ден | |

| | | |
|---|---|---|
| | қоспағанда, қалыпқа келтірілген қағаз немесе картон ( макулатура және қалдықтар) | |
| 13. | Мыналарды: | |
| | 1) Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын: | |
| | құрамында қымбат бағалы металл ( металдар) немесе құрамында қымбат бағалы металдың ( металдардың) қосылыстары бар бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған баспа платаларын жағудан алынған күлді және фотопленканы жағудан пайда болған күлді | 7112 30 000 0-ден |
| | бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған құрамында күмістің галоидтары және (немесе) металл күмісі бар фотопленканың қалдықтарын | 7112 99 000 0-ден |

| | | |
|---|---|---|
| | және фотоқағаздың қалдықтарын | |
| | | |
| | 2) платинаны (платина жалатылған металды қоса алғанда) | 7112 92 000 0 |
| | 3) бірыңғай тізбеге енгізілген және "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес ұсынылатын мемлекеттік бақылау актісі алынған мырыш қалдықтарын қоспағанда | 7112 99 000 0-ден |
| | қымбат бағалы металдардың қалдықтары мен сынықтары немесе қымбат бағалы металдар жалатылған металдар; негізінен қымбат бағалы металдарды шығару үшін пайдаланылатын, қымбат бағалы металдардан немесе қымбат бағалы металдардың қорытпаларынан тұратын өзге де қалдықтар мен сынықтар[2] | 7112 |
| | Базель конвенциясыны | |

| | | |
|---|---|---|
| 14. | ң тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын: | |
| | 1) бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған, құрамында полихлорланған немесе полибромдалған дифенил бар заттармен ласталған қара металдардан жасалған қаптау ыдыстары мен контейнерлердің қалдықтарын | |
| | 2) құрамына құрамдауыш немесе ластағыш ретінде мына заттардың: мышьяктың, мышьяк қосылыстарының, сынаптың, сынап қосылыстарының кез келгені кіретін, бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған қара металдардың қалдықтарын | |
| | 3) құрамына бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған мына | |

| | | |
|---|---|---|
| | заттардың: сурьманың, кадмийдің, селеннің, теллурдің, таллийдің кез келгені кіретін | |
| | қара металдар мен олардың қорытпаларын қоспағанда | |
| | қайта балқытуға арналған қара металдардың құймалары ( шихталық құймалар); қара металдардың қалдықтары мен сынықтары | 7204-тен |
| 15. | Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын: | |
| | 1) құрамына құрамдауыш немесе ластағыш ретінде мына заттардың: мышьяктың, мышьяк қосылыстарының, сынаптың, сынап қосылыстарының кез келгені кіретін, бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған мыс қалдықтарын | |
| | 2) құрамына бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды ( | |

| | | |
|---|---|---|
| | рұқсат ету құжаты) алынған мына заттардың: сурьманың, кадмийдің, селеннің, теллурдің, таллийдің кез келгені кіретін мыс қалдықтарын және мыс қорытпаларының қалдықтарын қоспағанда | |
| | тазартылған мыс және өңделмеген мыс қорытпалары, мыс қалдықтары мен сынықтары | 7403-тен, 7404 00-тен |
| 16. | Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын: | |
| | құрамына құрамдауыш немесе ластағыш ретінде мына заттардың: мышьяктың, мышьяк қосылыстарының, сынаптың, сынап қосылыстарының кез келгені кіретін, бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған металл қалдықтарын | |
| | құрамына бірыңғай тізбеге | |

| | | |
|---|---|---|
| | енгізілген және қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған мына заттардың: сурьманың, кадмийдің, селеннің, теллурдің, таллийдің кез келгені кіретін | |
| | мыс қалдықтарын және мыс қорытпаларының қалдықтарын қоспағанда | |
| | өңделмеген металдар, мыналардың: | |
| | никельдің[4] | 7502, 7503 00-ден |
| | алюминийдің[3] | 7601, 7602 00-ден |
| | мырыштың[4] | 7901,<br>7902 00 000 0-ден |
| | қалайының[4] қалдықтары мен сынықтары | 8001,<br>8002 00 000 0-ден |
| 17. | Мыналарды: | |
| | 1) құрамында қымбат бағалы металдар бар қорғасын өндірісінің жартылай өнімдерін | |
| | 2) Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын: | |
| | бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды ( рұқсат ету құжаты) алынған | |

| | | |
|---|---|---|
| | пайдаланылып болған қорғасын-қышқылды аккумуляторларды | 8548-ден |
| | құрамына құрамдауыш немесе ластағыш ретінде мына заттардың: мышьяктың, мышьяк қосылыстарының, сынаптың, сынап қосылыстарының кез келгені кіретін, бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған қорғасын қалдықтарын | 7802 00 000 0-ден |
| | құрамына бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған мына заттардың: сурьманың, кадмийдің, селеннің, теллурдің, таллийдің кез келгені кіретін қорғасын қалдықтарын және қорғасын қорытпаларының қалдықтарын қоспағанда | 7802 00 000 0-ден |
| | өңделмеген қорғасын, | 7801, |

| | | |
|---|---|---|
| | қорғасын қалдықтары мен сынықтары[4] | 7802 00 000 0-ден, |
| | | 8548-ден |
| 18. | Алюминий шыбықтары және профильдері, алюминий сымы | 7604, 7605 |
| 19. | Мыналарды: | |
| | вольфрамды[4] | 8101-ден |
| | молибденді[4] | 8102-ден |
| | танталды[4] | 8103-тен |
| | магний шаңын қоспағанда, магнийді[4] | 8104-тен |
| | кобальтты штейнді және кобальт металлургиясының өзге де аралық өнімдерін; кобальтты[4] | 8105-тен |
| | висмутты[4] | 8106 00-ден |
| | кадмийді[4] | 8107-ден |
| | титанды4 | 8108-ден |
| | цирконийді[4] | 8109-дан |
| | сурьманы[4] | 8110-нан |
| | марганецті | 8111-ден |
| | бериллийді, хромды, германийді, ванадийді, галлийді, гафнийді (цельтийді), индийді, ниобийді (колумбийді), ренийді, таллийді | 8112-ден |
| | металл қышын қоса алғанда | 8113 00-ден |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттің аумағына шығарылатын: | |
| | құрамына құрамдауыш немесе ластағыш ретінде мына заттардың: мышьяктың, мышьяк қосылыстарының, сынаптың, сынап қосылыстарының кез келгені кіретін, бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған металл қалдықтарын | |
| | құрамына бірыңғай тізбеге енгізілген және қорытынды (рұқсат ету құжаты) алынған мына заттардың: сурьманың, кадмийдің, селеннің, теллурдің, таллийдің кез келгені кіретін металл қалдықтарын және металл қорытпаларының қалдықтарын қоспағанда | |
| | қымбат бағалы емес металдар және олардан жасалған бұйымдар | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20. | Қорғасын-қышқ ы л д ы аккумуляторлар | 8507 10-нан, 8507 20-дан | |

---

1 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің заңнамасына сәйкес осындай мемлекеттің уәкілетті органы (уәкілетті органдары) берген қорытындымен расталатын осы мемлекеттің аумағында өндірілген түсті металдардың рудалары мен концентраттарын осы мемлекеттің аумағында қайта өңдеу экономикалық жағынан тиімсіз болуы немесе мүмкін болмауы шартымен олар кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастырылатын жағдайларды қоспағанда.

2 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің заңнамасына сәйкес осындай мемлекеттің уәкілетті органы (уәкілетті органдары) берген қорытындымен расталатын осы мемлекеттің аумағында өндірілген (жиналған) ЕАЭО СЭҚ ТН 7112 тауар позициясында сыныпталатын тауарларды осы мемлекеттің аумағында қайта өңдеу экономикалық жағынан тиімсіз болуы немесе мүмкін болмауы шартымен олар кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастырылатын жағдайларды қоспағанда.

3 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің заңнамасына сәйкес осындай мемлекеттің уәкілетті органы (уәкілетті органдары) берген қорытындымен расталатын, өндірілуі Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында жүзеге асырылмайтын қайта өңдеу өнімдерін дайындау үшін осындай қалдықтар мен сынықтардың кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастырылатын жағдайларды қоспағанда.

4 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің заңнамасына сәйкес осындай мемлекеттің уәкілетті органы (уәкілетті органдары) берген қорытындымен расталатын, өндірілуі Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында жүзеге асырылмайтын қайта өңдеу өнімдерін дайындау үшін осындай металдардың (қалдықтар мен сынықтардан басқа) кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастырылатын жағдайларды қоспағанда.

| | |
|---|---|
| Ескертпе: | 1. Тауардың номенклатурасы ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен де, сондай-ақ тауардың атауымен де айқындалады.<br>2. Осы тізбеге енгізілмеген өзге тауарларға қатысты бөлігінде Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын, Еура |

| | |
|---|---|
| | **зиялық экономикалық комиссия Алқасының " Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес кедендік қойма кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейтін бірыңғай тауарлар тізбесін қолдану қажет.";** |

ж) көрсетілген Шешіммен бекітілген Уақытша әкелінген тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеу, кедендік қойма кедендік рәсімдеріне немесе немесе арнайы кедендік рәсімге орналастырған жағдайда, уақытша әкелу (жол беру) кедендік рәсімінің әрекетін тоқтата тұру және жаңғырту тәртібінде:

2-тармақта:

бірінші сөйлемдегі "әкелу" деген сөз "әкелу (жол беру)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "Кеден одағына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа " деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағынан" деген сөздер " Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) көрсетілген Шешіммен бекітілген Кері импорт кедендік рәсіміне орналастыру мерзімі Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленген мерзімнен асуы мүмкін тауарлар санаттарында:

атауындағы "санаттары" деген сөз "санаттарының тізбесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтін бойынша "Кеден одағына мүше мемлекеттердің" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Кеден одағына мүше мемлекеттердің" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағынан" деген сөздер " Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

и) көрсетілген Шешіммен бекітілген Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсіміне орналастыруға жатпайтын тауарлардың тізбесі мынадай редакцияда жазылсын :

"Кеден одағы Комиссиясының
2010 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 375 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 14 қарашадағы
№147 шешімі редакциясында)

**Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсіміне орналастыруға жатпайтын тауарлардың ТІЗБЕСІ**

1. Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсімін қолдану Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары үшін осындай тауарларды сатудан түскен қаражат есебінен өтелмеуі мүмкін шығыстарға әкеп соқтыруы мүмкін тауарлар, соның ішінде жарамдылық (тұтыну, сату) мерзімі өтіп кеткен тауарлар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың (Кеден одағының) техникалық регламенттерінде бірыңғай міндетте талаптар немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында міндетті талаптар белгіленген және осы тауарлардың осындай талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжаттары жоқ тауарлар.

2. Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың ( 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес мемлекет пайдасына бас тарту кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейтін өзге де тауарлар.";

к) көрсетілген Шешіммен бекітілген Бажсыз сауда кедендік рәсіміне орналастыруға жатпайтын тауарлар тізбесінде:

1-тармақтағы ", есірткі және психотроптық заттар" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік әкелу баждары салынатын тауарлары, мыналарды қоспағанда:";

төртінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың ( 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4-тармағында көзделген үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес бажсыз кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейтін өзге де тауарлар.";

л) көрсетілген Шешіммен бекітілген Уақытша әкелудің шекті мерзімдері Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгеннен ұзағырақ болып белгіленетін тауарлар санаттарының тізбесінде:

мәтін бойынша тиісті түрдегі және септіктегі "Кеден одағына мүше мемлекет" деген сөздер тиісті түрдегі және септіктегі "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бағанда 1-позициядағы және үшінші бағанда 6-позициядағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бағанда 11-позициядағы "Кеден одағының заңнамасымен" деген сөздер " халықаралық шарттармен және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бағанда 12 және 13-позициялардағы "КО СЭҚ ТН" деген аббревиатура " ЕАЭО СЭҚ ТН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

м) көрсетілген Шешіммен бекітілген Уақытша әкелудің шекті мерзімдері Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленгеннен қысқарақ болып белгіленетін тауарлар санаттарының тізбесінде:

бірінші баған алып тасталсын;

екінші бағандағы "КО СЭҚ ТН" деген аббревиатура "ЕАЭО СЭҚ ТН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

үшінші бағандағы "Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлар тізбесінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының " Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 2 қосымша) 2.3-бөлімінде:

а) екінші бағанда 34-тармақтағы "**" сілтеме белгісі алып тасталсын;

б) "**" белгісі бар сілтеме алып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК